

Үржар ауданы Үржар ауылдық округі Үржар ауылдының көшелерін қайта атап туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Үржар ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 165 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Үржар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 25 қазанда № 5-18-171 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2018 жылғы 15 маусымдағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Үржар ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үржар ауданы Үржар ауылдық округі Үржар ауылдының көшелерінің атапу:
 - 1) Ленинградская көшесі Алдияр көшесі;
 - 2) Ворошилова көшесі Аққу көшесі;
 - 3) Котовский көшесі Ұлытау көшесі;
 - 4) Суворов көшесі Жидебай көшесі
 - 5) Куйбышева көшесі Ертіс көшесі;
 - 6) Фрунзе көшесі Есіл көшесі болып қайта атапсын.
2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Үржар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:
 - 1) осы шешімінің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы әкімнің шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдансын;
 - 3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
 - 4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Үржар ауданы әкімдігінің

интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Уржар ауылдық округі әкімінің

міндеттін атқарушы

B. Щуцкий

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК